

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ  
НАУК РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН  
Қазақстан Республикасының  
педагогикалық университетінің  
Абая

## THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN  
Abai Kazakh National Pedagogical  
University

PUBLISHED SINCE 1944

2 (396)

MARCH – APRIL 2022

---

ALMATY, NAS RK

---



*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы**, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## **ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович**, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## **УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

#### **EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

#### **DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich**, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **SCIENTIFIC SECRETARY:**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

#### **EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

#### **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 396 (2022), 104-119

<https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.274>

ҒТАМР (МРНТИ) 14.25.07

ӘОЖ (УДК) 373.3

**А.А. Куралбаева<sup>1\*</sup>, С.Б.Жахия<sup>1</sup>, Г.Е. Абылова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан;

<sup>2</sup>Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті,  
Түркістан, Қазақстан.

E-mail: [aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz](mailto:aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz)

## **ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯНЫҢ АНА ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ**

**Аннотация.** Бұл зерттеу жұмысының мақсаты - Қазақстан мен Түркияның екінші сыныбындағы ана тілі оқулықтарын салыстырмалы зерттеу болып табылады. Зерттеудің үлгісіне бастауыш сыныптың екінші сыныбында оқылатын 2018 жылғы «KOZA Yayın Dağıtım Sanayi және Ticaret AŞ» Түрік тілі оқулығы мен «Атамұра» баспасына тиесілі Әдебиеттік оқу оқулығы алынды.

Оқулықтар - білім берудегі маңызды ресурстардың бірі. Осыған байланысты білім беру мақсаты мен нәтижелерінің жүзеге асырудағы ең үлкен міндет оқулықтарға түседі. Оқулықтың басым бөлігі мәтіндерден немесе оқу үзінділерінен тұрады. Бұл тұрғыда баланың психикалық және әлеуметтік дамуына сәйкес жазылған мәтіндер немесе мәтін түрлері өте маңызды. Ана тілін оқытуда оқулықтардағы мәтіндер маңызды орын алады. Бастауыш білім берудің алғашқы кезеңнен бастап ана тілін тиімді оқыту мәтіндер арқылы жүзеге асатындығы белгілі.

Зерттеу деректері сапалы зерттеу әдістерінің бірі болып табылатын құжаттарды талдау арқылы жинақталды. Бұл сипаттамалық зерттеуде оқу мен жазуға үйрету, тақырыптар, мәтін түрлері, мәтіндерге қатысты тапсырмалар және оқулықтардағы көрнекі материалдардың орын алуы мәселесі зерттелді. Оқулықтарда 129 мәтіннің барлығы мәтін түрі мен тақырыбы бойынша бір-бірлеп зерттелді. Мәтіндерге сілтемелер

жасалды және салыстыру арқылы зерттеліп, нәтижелер кесте түрінде ұсынылды.

Зерттеу шеңберінде қарастырылған екі оқулықта да тіл үйрету, оқыту бағыттары шеңберінде оқушының бойында қалыптасатын дағдылар қамтылған. Бүкіл әлемде тілді оқыту, түсіну (оқу-тыңдау) және түсіндіру (сөйлеу-жазу) дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан мен Түркияның екінші сынып ана тілі оқулықтарындағы оқу мен жазуға үйрету, тақырыптар, мәтін түрлері, мәтіндерге қатысты тапсырмалар және оқулықтардағы көрнекі материалдарға салыстырмалы зерттеу жасалды. Нәтижесінде кейбір айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталып, нәтижелер талқыланды.

**Түйін сөздер:** оқулықтар, тақырыптар, мәтіндер, мәтін түрлері, тапсырмалар, көрнекі материалдар.

**А.А. Куралбаева<sup>1\*</sup>, Жахия С.Б.<sup>1</sup>, Абылова Г.Е.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан;

<sup>2</sup>Международный университет туризма и гостеприимства,  
Туркестан, Казахстан.

E-mail: E-mail: [aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz](mailto:aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz)

## **СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ УЧЕБНИКОВ НА РОДНОМ ЯЗЫКЕ КАЗАХСТАНА И ТУРЦИИ**

**Аннотация.** Целью данной исследовательской работы является сравнительное изучение учебников родного языка 2-го класса начальной школы в Казахстане и Турции. Для примера данного исследования были представлены учебник турецкого языка 2018 года издательства «KOZA Yayın Dağıtım Sanayi және Ticaret AŞ» и учебник литературного чтения, принадлежащий издательству «Атамура».

Учебники - один из важнейших ресурсов образования. В связи с этим наибольшая задача в реализации целей и результатов образования приходится на учебники. Большая часть учебника состоит из текстов или учебных отрывков. В этом контексте очень важны тексты или типы текстов, написанные в соответствии с психическим и социальным развитием ребенка. Важное место в преподавании родного языка занимают тексты в учебниках. Эффективное изучение языка с первого этапа начального образования осуществляется через тексты.

Данные исследования были собраны с помощью анализа документов,

которые являются одним из качественных методов исследования. В данном исследовании была изучена проблема обучения чтению и письму, темы, типы текста, задачи, связанные с текстами, и место визуального материала в учебниках. В учебниках все 129 текстов изучались по одному по типу и теме текста.

Ссылки на тексты были сделаны и изучены путем сравнения, а результаты представлены в виде таблиц. Оба учебника, предусмотренные в рамках исследования, содержат навыки, формируемые у учащегося в процессе обучения языку, направления обучения. Во всем мире обучение языку направлено на развитие навыков понимания (чтение-слушание) и объяснение (речь-письмо). В данной исследовательской работе было проведено сравнительное исследование наглядного материала в учебниках по обучению чтению и письму в учебниках родного языка Казахстана и Турции 2 класс, темы, виды текста, задания к текстам и т.д. В результате были выявлены некоторые различия и сходства, результаты были обсуждены.

**Ключевые слова:** учебники, темы, тексты, виды текстов, задания, наглядные материалы.

**A.A. Kuralbayeva<sup>1\*</sup>, S.B. Zhakhiya<sup>1</sup>, G.E. Abylova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.  
Kazakhstan, Turkestan;

<sup>2</sup>International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.  
E-mail: [aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz](mailto:aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz)

## **COMPARATIVE STUDY OF TEXTBOOKS IN THE NATIVE LANGUAGE OF KAZAKHSTAN AND TURKEY**

**Abstract.** The purpose of this study is to compare the native language textbooks of the 2nd grades of Kazakhstan and Turkey. The samples of the research were composed of «Turkish course book» published by «KOZA Yayın Dağıtım Sanayi and Ticaret AŞ» and «Adebiyyat Oku» published by «Atamura» Publishing House which are randomly selected among the books currently studied in second grades in 2018 year.

Course Books are one of the most valuable sources in teaching-learning process. It could be argued that text books take over a crucial function in contributing the acquisition in teaching and learning aims. Course Books consisted of mostly texts. That's why, well-designed and well-prepared course



books which consider the mental and social development of children could play very important role.

The research data were collected through qualitative research methods in terms of document analysis. In this descriptive qualitative study, the textbook were analyzed in terms of reading and writing instruction, themes, text types, related activities to text types and distribution of visual materials. A total of 129 texts in the books were examined in terms of genre and theme. The results were presented in the form of tables in the frequencies and direct quotes from the texts were made and interpreted.

In the two textbooks examined within the scope of the research, language teaching is carried out with the skills that will be gained in the framework of learning areas. In all over the world, it is seen that language teaching has been structured in order to improve the comprehension (reading-listening) and narration (speaking-writing) skills of the world. In this study native language teaching textbooks used in the 2nd grade classes in Kazakhstan and Turkey were compared in terms of teaching reading and writing, themes, text types, events related to the text and visual materials. As a result, some differences and similarities have been identified and the findings discussed.

**Key words:** textbooks, theme, texts, types of texts, activities, visual materials.

**Кіріспе.** Оқулықтар—білім беру және оқыту мақсатында қолданылатын материалдардың қайнар көзі. Олар оқу бағдарламасына негізделетін қағидаларға сәйкес дайындалып, оқушының жасы мен білім деңгейіне сәйкес когнитивтік және аффективті дағдылармен жабдықталған бай мәтіндерден құралып, ондағы ақпаратты оқушыға жеткізетін оқыту құралы болып табылады (Чечен М.А., Чифтжи Ө. 2007).

Оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетінің ретті түрде жүргізілуін қамтамасыз ететін маңызды құрал – оқулықтар. Оқулықтарды дайындаған кезде оқушылардың даму ерекшеліктерін, қоршаған ортаның мәдени құрылымын, білім беру мақсаттарын және олардың оқыту құралы бола алу мүмкіндігін ескеру қажет. Оқулықтар әлемде болып жатқан жаңалықтарды игеріп, сұрыптай отырып, өзіміздің оқушыларға сай дайындалуы керек. Оқулықтың физиологиялық ерекшеліктеріне сыртқы түрі, түсі, оқулықта болуы керек мәліметтер, өлшемі мен қаріп өлшемі кіреді. Оқулықтың оқу бағдарламасы мақсаттардан (міндеттерден), мазмұннан (мәні), оқыту үдерісінен, өлшеу және бағалаудан тұрады. Оқулықтағы көрнекіліктер визуализацияға және мақсатты аудиторияға негізделген. Оқулықтың

тілі мен түсініктілігі мақсатты аудиторияның деңгейіне және емле ережелеріне сәйкес жазу қажет болып табылады (Кучукахмет Л. 2011).

А. Куралбаева мен Х. Ақйолдың (2021) зерттеулерінде: «Оқулық – оқушылардың жасына және білім деңгейіне сәйкес келетін когнитивті және аффективті дағдылармен байланысы бар бай мәтіндерден тұратын, оқу жоспарларына негізделген принциптерге сәйкес дайындалған баспа және оқыту материалы» деп анықтама берілген. Аталған сипаттамаға сай дайындалған оқулық оқу, жазу дағдыларын игеруде маңызды орын алады. Себебі алғашқы оқу, жазу дағдылары (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) мәтінге сай әзірленген тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Тіл үйрету туралы сөз болғанда оқу бағдарламалары мен оқулықтар үшін мәтінді таңдау маңызды мәселе болып табылады. Тіл үйретуде таңдалатын мәтіндер мен оқулықтар үшін таңдалып алынатын мәтіндердің мазмұндық ерекшелігі мен сапасының жоғары болуы маңызды.

Білім беру жүйесінің дамуына байланысты оқулықтарда да өзгерістер болып отырады. Бұл өзгерістердің оқулықтардың сапасына әсерін үнемі бақылауда болып, бағалануы қажет. Оқулықтарда қай тілде дайындалғанына қарай және сол елдің білім беру жүйесінен (кейбір елдердегі штат/кантон немесе аймақ) туындайтын айырмашылықтар болуы заңды. Бұл тұрғыда Қазақстанның бастауыш білім беру саласына арналған кітаптары бойынша зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен, ана тілін оқытуда қарастырылған жолдар мен қиындықтар ортақ дүние. Осы кезде әртүрлі елдердің оқулықтарымен салыстырулар жүргізу проблемалардың шешімін табуға және сапалы оқулықты дайындау үдерісіне ықпал етеді.

Оқулықтардың мазмұнымен қатар сыртқы келбеті де оқушының қызығушылығын арттыруда өте маңызды. Ашық түстерді пайдалана отырып, сапалы қағазда басып шығарсақ, көзге ұнамды мұқабалы оқулықтар оқушының кітапқа, демек, пәнге деген қызығушылығын оятады. Себебі оқулық оқушылардың оқу процессінде үнемі қасында болатын құралдың бірі. Сондықтан кітаптың көлемі мен салмағы оқушының даму деңгейіне сай дайындалуы керек (Кылыч А., Севен С. 2002)

Т.М. Әбдікәрімова (2007) жылы мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясын жазуда «Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланыста болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктерді құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді»

анықтама берсе, Х. Акйол (2006) «Мәтін сөзі - бір кітаптың ішіндегі жазбаларға, бір тақырып, мақала немесе бірнеше параграфтан тұратын негізгі ойы бар жазбаларды сипаттау үшін қолданылады» - деп жазады және мәтіндердің мағынасын: мәтін іші, мәтін сырты, мәтін арасы деп үш түрге бөліп қарастырады.

Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский (1963) «Оқулық – ғылыми категорияларды, педагогикалық категорияларға айналдыру жолымен өңделген, оқушыларға арналған құрал» деген анықтамасы өзінің мәнін әлі күнге дейін жойған жоқ. Ал, Ұ.Қ. Қыяқбаева (2008) «Қазақ бастауыш мектептеріндегі білім беру мазмұнының қалыптасуы мен дамуы (1991-2007 ж.ж.)» атты кандидаттық диссертациясында «Оқулық дегеніміз-оқытудың бағдарламада белгіленген мақсаттарына және дидактика талаптарына сәйкес белгілі бір оқу пәні бойынша ғылыми білімдердің негіздерін баяндайтын кітап» деген анықтама береді.

Түрік балалар әдебиетін жазушы Оғузхан Ферхан (2000) балалар әдебиеті жанрлары саналатын мәтін түрлері: ертегі, мысал, дастан, аңыз, әңгіме, роман, биография, естеліктер, саяхатшы хаты, табиғат және ғылыми оқиғаларды түсіндіретін шығармалар, өлеңдер және жаңылтпаштар деп қарастырады, және де осы аталған балалар әдебиетінің жанрлары біз қарастырып отырған оқулықтарда орын алған.

Шереф Тан (2007) өзінің «Оқыту принциптері мен әдістері» еңбегінде «Мәтіннің мазмұнын әзірлеу үшін келесі ерекшеліктер: негізгі ой, мазмұн мен тақырыптың сәйкестігі, жазу мөлшері, сөз саны мен сөйлем ұзақтығы оқушы деңгейіне сай болуы керек», деп жазса, Ш. Уналанның (2004) айтуы бойынша мәтін жазуда мынадай элементтер қарастырылуы керек:

- Мәтіндер тақырып бойынша қызықты болуы керек,
- Мәтін тақырыбы мен идеясы оқушының деңгейіне сәйкес болуы керек,
- Мәтін сөздері ұсынылып отырған жас тобындағы оқушылардың сөздеріне сәйкес келу керек,
- Мәтіндер қысқа болуы керек және оқушылардың деңгейіне сәйкес суреттер болуы керек.

Мустафа Жемилоглуның (2001) жазуынша әдеби шығармаларда авторлар оқиға, ой немесе сезімді баяндайды, және де кез-келген түрінде ұқсастық байқалады. Сондықтанда әдеби шығармалардың оқиғаға негізделген түрлері (әңгіме, роман, театр, ертегі, аңыз, дастан, мысал, естелік, саяхатшы жазуы), ойға негізделген түрлері (мақала, сұқбат, әзіл, сын), сезімге негізделген түрлері (поэзия) деп үшке бөлінеді.

Мәтінге сай ерекшеліктерді төмендегідей мазмұндауға болады:

1. Мәтін оқу жоспарының мақсаттарына сәйкес келуі;
2. Оқушының даму деңгейіне сай болуы;
3. Оқушы мүддесіне сай болуы;
4. Оқушылардың оқуға деген ынтасын оятуы;
5. Мазмұны мен құрылымы жағынан логикалық тұтастық болуы;
6. Жазу түрінің ерекшеліктерін ажыратуы;
7. Ана тілінің сұлулығын, байлығын көрсетіп, ана тіліне деген сүйіспеншілікті оятуы;
8. Оқушылардың жазу және сөйлеу дағдыларын дамытуда негізгі идея тұрғысынан қиындық тудырмауы;
9. Оқушылар сөздік қорын байытуға тырысуы;
10. Оқушыларды ойландыруға, қорытындылауға, себеп-салдар байланысын құруға бағытталуы;
11. Оқушылардың даму деңгейіне сәйкес эмоционалдық қажеттіліктеріне жауап берілуі;
12. Оқушыларға ұлттық құндылықтар туралы хабардар етуі;
13. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, мейірімділік пен қамқорлық, адалдық, қоршаған ортасын қорғау сынды құндылықтарды қамтуы тиіс.

Уналанның айтуы бойынша мәтін жазуда мынадай элементтер қарастырылуы керек:

- Мәтіндер тақырып бойынша қызықты болуы керек;
- Мәтін тақырыбы мен идеясы оқушының деңгейіне сәйкес болуы керек;
- Мәтін сөздері ұсынылып отырған жас тобындағы оқушылардың сөздеріне сәйкес келуі керек;
- Мәтіндер қысқа болуы керек және оқушылардың деңгейіне сәйкес суреттер болуы керек (Ш. Унлан, 2004). Жазылатын мәтіндер жоғарыда аталған сапаларға сәйкес болуы керек. Әсіресе мәтіннің мазмұны оқушының күткені мен мақсатына сәйкес келсе, оқушының қызығушылығы мен белсендігі артып, үйрену деңгейі жоғарылайды.

Фотосуреттер немесе суреттер жеткіліксіз болған жағдайда, тақырыпты толығымен айқындау үшін диаграммаларды пайдалануға болады. Диаграммалар ақпаратты нақты және дәл көрсету үшін қызмет етеді. Зерттеулер көрсеткендей, жазуға қарағанда фигуралар мен графиканы есте сақтау жеңілрек (Гүнеш Ф. 2002).

Кесердің (2004) айтуы бойынша иллюстрациялар, фотосуреттер, суреттер, кестелер, диаграммалар, т.б. көрнекі элементтерді орналастыруда бірсарындылықтан аулақ болу керек. Көрнекі элементтер әрқашан кітаптың бірдей жерлерінде және бірдей өлшемде бұрышта орналаспауы керек. Көрнекі элементтерді орналастыру барысында оқу

ағымына кедергі келтірмейтіндей болуы керек. Көрнекі элементтерді тақырыптың астына, мәтіннің ортасына, абзацтардың арасына бөліп орналастыруға болмайды.

**Зерттеудің әдістемесі:** Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отыры, бұл зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарын салыстырмалы зерттеу болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізуде төмендегі сұрақтарға жауап алынды:

Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарында:

1. Мазмұны жағынан айырмашылықтары қандай?
2. Тараулар мен тарауларда орын алған мәтін саны қанша?
3. Мәтіндердің мәтін түрлеріне қарай берілуі қандай?
4. Мәтіндерге байланысты тапсырмалардың берілуі қандай?
5. Көрнекі материалдардың берілуі қандай?

Бұл зерттеуде Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтары оқу мен жазуға үйрету, тақырыптар, мәтін түрлері, мәтіндерге қатысты тапсырмалар және оқулықтардағы көрнекі материалдар салыстырмалы түрде зерттеліп, анықталады.

Зерттеу деректері Қазақстан мен Түркияның 2-сыныбында оқылатын 2018 жылғы «KOZA Yayın Dağıtım Sanayi және Ticaret AŞ» Түрік тілі оқулығы мен «Атамұра» баспасына тиесілі Әдебиеттік оқу оқулықтарынан алынды.

Бұл сипаттамалық зерттеуде 2-сыныптың оқулықтарындағы анықталған 129 мәтін бойынша оқу мен жазуға үйрету, тақырыптар, мәтін түрлері, мәтіндерге қатысты тапсырмалар және оқулықтардағы көрнекі материалдардың орын алуы зерттелді.

**Зерттеу нәтижелері.** Жаңа бағдарлама негізінде дайындалған Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарының мазмұны, тараулар, тараулардағы мәтін түрлері, мәтіндерге байланысты тапсырмалар, көрнекі материалдардың берілуі жайлы мәліметтер зерттеу жұмысының ішінде кесте түрінде ұсынылған.

Зерттеу жұмысының бірінші сұрағы: «Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарының мазмұны жағынан айырмашылықтары қандай?» деген сұраққа жауап алуда Әдебиеттік оқу және Türkçe dersi оқулықтарының талданды.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы (2013) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес 2-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық білім мазмұнында

ауыз әдебиеті үлгілері, жазба әдебиеті үлгілері, ғылыми-танымдық шығармалар, әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары, әдеби-теориялық білім, мәтінмен жұмыс орын алған. Сонымен қатар, шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу дағдыларын меңгерту қарастырылған.

Хатиже Быйықлы мен Яшар Өзташтың (2016) айтуы бойынша, түрік тілі оқу бағдарламасының маңызды мақсаттарының бірі - түрік тілін дұрыс, тиімді және әдемі қолданатын білімгерлер тәрбиелеу. Білімгерлердің бұл дағдыларын дамыту, түсініп оқу және баяндауға (ауызша-жазбаша) тікелей байланысты. Ол үшін оқулықтағы мәтіндермен қатар, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, тақырыпқа сай әртүрлі кітаптар мен мәтіндерді оқуын қадағалау қажет.

Оқушылардың тіл байлығын арттыру, олардың өмір бойы білім алуын жалғастыру және болашақтың жеке тұлғасын тәрбиелеу үшін оқыту үдерісіне аса мән беру керек.

Түрік тілін оқыту процесі бес кезеңнен тұрады. Олар: дайындық, түсіну, санада құрылымдау, өзін-өзі көрсету, өлшеу және бағалау кезеңдері. Оқыту үдерісі осы тәртіппен жүзеге асуын қадағалау керек.

I Дайындық кезеңінің қадамдары:

- 1) Алдын ала дайындық;
- 2) Психологиялық дайындық (а. Алдыңғы білімді белсендіру, б. Кілт сөздермен жұмыс, в. Мәтінді тану және болжау).

II Түсіну кезеңінің қадамдары:

1. Тыңдау, оқу және көркем оқу (а. Тыңдау, ә. Оқу, б. Көркем оқу, в. Бейтаныс сөздермен жұмыс);

2. Мәтінді тексеру;

3. Сөздік қорын дамыту.

III Санада құрылымдау кезеңінің қадамдары:

1. Күнделікті өмірмен байланыс;

2. Кемализм/ Басқа курстар мен аралық пәндерге қатысты;

3. Зерттеу.

IV Өзін көрсету кезеңінің қадамдары:

1. Алдын ала дайындық;

2. Психологиялық дайындық (а. Алдыңғы білімді белсендіру – тақырыпты пысықтау, ә. Көрнекілік түрін анықтау);

3. Ережелерді қарау;

4. Сөйлеу, жазбаша және көрнекіліктер (а. Сөйлеу, ә. Жазу);

5. Сөздік қорын қолдану.

V Өлшеу және бағалау кезеңінің қадамдары.

Зерттеу жұмысының екінші сұрағы «Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарында орын алған тараулар мен тарауларда орын алған мәтін саны қанша?». Бұл сұраққа жауап іздестіруде қолға алынған деректер нәтижесі 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1. Қазақстан мен Түркияның 2-сыныптарындағы ана тілі оқулықтарындағы тараулар мен тарауларда орын алған мәтін саны.

Әдебиеттік оқу. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2016						
Тараулар атауы	Поэзия		Әңгімелеуші мәтіндер		Ақпарат беруші мәтіндер	
	F	%	F	%	F	%
Өзім туралы	8	8,3%	6	6,2%	-	-
Менің отбасым және достарым	1	1%	10	10,3%	-	-
Менің мектебім	7	7,2%	3	3,1%	-	-
Менің туған өлкем	7	7,2%	4	4,1%	-	-
Дені саудың – жаны сау	5	5,2%	10	10,3%	-	-
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	9	9,3%	6	6,2%	-	-
Қоршаған орта	2	2%	8	8,3%	-	-
Саяхат	1	1%	7	7,2%	3	3,1%
Барлығы:	40	41,2%	54	55,7%	3	3,1%
Бастауыш сынып Türkçe dersi оқулығы. KOZA баспа үйі 2018						
Тараулар атауы	Поэзия		Әңгімелеуші мәтіндер		Ақпарат беруші мәтіндер	
	F	%	F	%	F	%
Балалар әлемі	2	6,25%	1	3,125%	1	3,125%
Атагүрік және ұлттық күрес	1	3,125%	1	3,125%	2	6,25%
Ізгіліктер	2	6,25%	1	3,125%	1	3,125%
Ұлттық мәдениетіміз	1	3,125%	2	6,25%	1	3,125%
Табиғат және ғалам	1	3,125%	1	3,125%	2	6,25%
Азаматтық сана	1	3,125%	1	3,125%	2	6,25%
Денсаулық және спорт	1	3,125%	1	3,125%	2	6,25%
Ғылым және технология	1	3,125%	2	6,25%	1	3,125%
Барлығы:	10	31,25%	10	31,25%	12	37,5%

Кесте 1-де берілгендей Түркия кітабында орын алған тараулар: «Балалар әлемі», «Атагүрік және ұлттық күрес», «Ізгіліктер», «Ұлттық мәдениетіміз», «Табиғат және ғалам», «Азаматтық сана», «Денсаулық және спорт», «Ғылым және технология» болып тізбектелген.

Қазақстан кітабында орын алған тақырыптар: «Өзім туралы», «Менің отбасым және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған

өлкем», «Дені саудың – жаны сау», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті», «Қоршаған орта», «Саяхат» болып тізбектелген. Қазақстан мен Түркия оқулықтарындағы тараулар, тарауларда орын алған мәтін саны және тараулардың мазмұны жағынан айырмашылықтар байқалады.

«Türkçe dersi» кітабында 8 тарау бар және әр тарауда 1 тыңдау мәтіні, 3 оқу мәтіні, 1 еркін оқу мәтіні орын алған.

«Әдебиеттік оқу» кітабында болса 8 тарау бар. Әр тарауда 8-15 аралығында мәтін орын алған.

